

**БЕКІТЕМІН**

**«Шығыс Қазақстан  
облысының кәсіптік білім беру  
орталығы» КММ директоры**

**А. Ақылбек**

«          »            2020 жыл



**Абай шығармаларын ұлықтаған ұлағатты ұстаз Қ. Бітібаеваның 75 жылдық  
мерейтойына арналған колледж білім алушылары арасында өтетін  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен  
Қ.Бітібаева атындағы облыстық қашықтық олимпиада  
ЕРЕЖЕСІ**

**Өскемен, 2020 жыл**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Ереже қазақ тілі мен әдебиетінен академик, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, «Құрмет» орденінің иегері Қ. Бітібаева атындағы облыстық қашықтық олимпиаданы (бұдан әрі - Олимпиада) ұйымдастыру мен өткізу тәртібін анықтайды.

1.2. Олимпиада Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Амурская көшесі, 1 мекенжайында орналасқан «Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» КМҚК оқу орны базасында өткізіледі.

Олимпиаданың өтетін күні: 2020 жылғы 20 қараша

Олимпиаданың басталу уақыты: сағат 10.00

1.3. Олимпиадаға ШҚО техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының мемлекеттік тілде білім алатын 1 курс (9 сынып негізіндегі) білім алушылары қатыса алады.

1.4. Олимпиадаға қатысуға өтінім (1-қосымша) Олимпиаданы ұйымдастырушы мекеменің электронды мекенжайына (nmr\_vkkg@mail.ru) **2020 жылдың 20 қарашасына** дейін жіберілуі қажет.

1.5. Ұйымдастыру комитетінің байланыс телефондары: 87760070179, 87232540115

## 2. ОЛИМПИАДАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Олимпиада мақсаты: Ұлы Абайды ұлт болып ұлықтап жатқанда хакімнің мұраларын зерделеп, шығармаларын жас ұрпақтың санасына сіңіруге саналы ғұмырын сарп еткен, абайтану саласына салмақты үлес қосқан Қанипа Омарғалиқызының еңбегін дәріптеп үлгі тұту.

2.2. Олимпиаданың міндеттері:

- білім алушылардың қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білімдерін жетілдіру мен тереңдету;
- патриотизмді, азаматшылықты дамыту, ұлттық мәдениетке, дәстүрлерге деген құрметті дәріптеу;
- білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

## 3. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1. Олимпиаданы ұйымдастырушылар: «Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығы» КММ, «Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» КМҚК

Олимпиаданы өткізу үшін шараны ұйымдастыру-техникалық және әдістемелік қамтамасыз ететін және үйлестіруді жүзеге асыратын ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

Ұйымдастыру комитеті:

- 1) Олимпиадаға жалпы жетекшілікті жүзеге асырады;
- 2) Облыстық олимпиада кезеңінің қазылар алқасының құрамы мен саны бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 3) Олимпиаданың қорытындысын сараптайды және жүлдегерлерді анықтайды.

Олимпиаданың жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау үшін қазылар алқасының құрамына жоғарғы оқу орындарының ғалымдарынан қазылар алқасы сайланады.

Қазылар алқасының саны тақ саннан (3 адамнан кем емес) құралады.

#### **4. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

Олимпиада 2 кезеңнен тұрады. Бірінші кезең - ұсынылған тақырыптар бойынша эссе жазу, екінші кезең – ауызша, ZOOM платформасында өткізіледі.

Бірінші кезең бойынша білім алушылар ұсынылған тақырыптардың бірінде эссе жазып, 2020 жылдың 18 қарашасына дейін (nmr\_vkgk@mail.ru) электронды поштасына жібереді.

##### **1. Эссе жазуға ұсынылатын тақырыптар:**

- 1) Абай – қазақ ұлтының бренді;
- 2) Абай мен қазақ – егіз ұғым;
- 3) Ұлылықтың алдында – ұстаз тұрар (Ұлағатты ұстаз Қ.Бітібаева туралы);
- 4) Ұлы Абайды ұлықтаған ұстаз.

##### **2. Эссе жазу барысында қатаң сақталынуы тиіс ТАЛАПТАР:**

- жеке көзқарастың көрінісі; фактілі дәлелдер (аргументтер);
- теоретикалық негіздеме;
- терминдерді қолдану, дәйексөздерді келтіру;
- әртүрлі көзқарастарды мысалға алу;
- логикалық заңдылықтың сақталуы;
- салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану;
- сауаттылық (пунктуациялық, орфографиялық); стиль
- қолданылған ғылыми еңбектерге сілтеме жасау.

Эссе көлемі 3 беттен аспауы керек.

Екінші кезең бойынша 2020 жылдың 20 қарашасы күні сағат 10.00 – де олимпиада қатысушылары ZOOM платформасы арқылы өзіне келіп түскен билет нөмірі бойынша сұрақтарға ауызша жауап береді. Сұрақтар Абай Құнанбайұлы шығармашылығы мен ұлағатты ұстаз Қанипа Бітібаеваның өмірі мен қызметтік жолына байланысты болады.

#### **5. ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ**

Олимпиаданың жүлдегерлері ШҚО кәсіптік білім беру орталығының I, II және III дәрежелі дипломдарымен марапатталады, сондай-ақ, дипломда жетекшінің аты-жөні көрсетіледі. Барлық қатысушыларға сертификаттар табысталады.

## Өтінім үлгісі

№	Оқу орны атауы	Қатысушының Т.А.Ә. (құжат бойынша)	Курсы	Қатысушының байланыс телефоны	Жетекшісінің Т.А.Ә. (құжат бойынша), байланыс телефоны

Оқу орнының директоры

\_\_\_\_\_

*Қолы*

\_\_\_\_\_

*аты-жөні*

М.О.